

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
2004 ж. 21. 09  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ  
№ 3338-1988-А/6  
БҰЙЫҚ  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 22 ж. 1. 09

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
2004 ж. 21. 09  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 02074000036  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 22 ж. 1. 09

Акционерлердің жалпы жиналысымен  
20 сәуір 2009 жылы  
«Бекітілді»

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
2009 ж. 01. 06  
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
ЕНГІЗІЛДІ  
БҰЙЫҚ № 38/2775

**«Шұбаркөл көмір»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
Жарғысы**

## КІРІСПЕ

Жарғы Қазақстан Республикасының Ата-заңына/Конституциясына/, Азаматтық Кодексіне 13 мамыр 2003 жылғы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативті –құқықтық актілеріне сәйкес жасалған.

Нағыз жарғы «Шұбаркөл көмір» акционерлік қоғамының (бұдан әрі -Қоғам) заңды тұлға ретінде құқықтық мәртебесін анықтайтын құрылтайшы құжат болып табылады.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Қоғам Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңына сәйкес құрылған.

1.2. Қоғам қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.3. Қоғамның толық атауы:

- 1) Мемлекеттік тілде: «Шұбаркөл көмір» Акционерлік қоғамы;
- 2) Орыс тілінде: акционерное общество «Шубарколь комир»;
- 3) Ағылшын тілінде: «**Shubarkol komir**» **Joint-Stock Company**

1.4. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) Мемлекеттік тілде: «Шұбаркөл көмір» АҚ;
- 2) Орыс тілінде: АО «Шубарколь комир»;
- 3) Ағылшын тілінде: «**Shubarkol komir**» **J.S.C.**

1.5. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 100004, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Асфальтная к., 18.

## 2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, бланкісі және банктерде есеп шоттары болады, және өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттер көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға, құқылы.

2.2. Қоғамның қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар дөңгелек мөрі мен бланкілері, тауар белгісі мен таңбасы, және қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да қажетті мәліметтері болады.

2.3. Қоғам өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының заңы мен Ата –зыңын /Конституциясын/ жетекшілікке алып отырады, және Қазақстан Республикасы заңды тәртібінде қабылданатын осы жарғыны, акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар Кеңесі, Қоғам Президенті шешімі.

2.4. Қоғамның акционерлері Қазақстан Республикасы заңды тәртібінде Қоғамның акциясын иемденген қазақстандық және шетелдік жеке тұлғалар мен заңды тұлғалары бола алады.

2.5. Қоғам өз акционерлерінен бөлінген мүлігі болады және өз міндеттері бойынша өз мүлігімен жауап береді.

Қоғам өз акционерлерінің міндеттері бойынша жауап бермейді, ал акционерлер Қоғамның міндеттері бойынша жауап бермейді және қызметіне байланысты істерде өзіне жататын акциялар құны шегінде шығындар тәуекеліне барады, тек заңмен қарастырылған кейбір жағдайлардан басқа.

Қоғам өз қызметі мақсатында және мүлік міндетімен өз мүлігін басқарады, пайдаланады және иемденеді.

Қоғам Мемлекет міндеттері бойынша жауап бермейді, және Қоғам да мемлекеттің қарыздары бойынша жауап бермейді, тек Қоғам немесе мемлекет өзіне сондай жауапкершілік алғанда заңмен қарастырылған кейбір жағдайлардан басқа.

2.6. Қоғам Қазақстан Республикасы заңына сәйкес тәртіпте заңды тұлғалардың жарғы капиталында қатысуға құқылы.

2.7. Қазақстан Республикасының заңды актілерімен арнатылған тәртіпте Қоғам оңы орналасқан жеріне тыс жерде заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғам туралы ереже негізінде тапсырысы және оның атынан әрекет етуші филиалдар (өкілеттіктер) құруға құқылы.

### 3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ПӘНІ

3.1. Қоғамның негізгі мақсаты акционерлер мүддесінде және Қоғамның жеке өндірісін жамыту мақсатында пайда табу болып табылады.

3.2. Қоғамның көрсетілген мақсатына жету үшін келесі негізгі қызмет түрлері жүзеге асырылады:

- Көмір және рудалы емес шикізат өндіру;
- Темір жол бойыша темір жолмен және өз кірер жолмен жолаушыларды және жүкті (соның ішінде қауіпті) тасымалдау;
- Кәсіпорындар, мекемелерге және азаматтарға қызмет көрсету, жұмыс орындау, отын, көмірді сату;
- Автокөлік құралымен жолаушыларды және (соның ішінде қауіпті) жүктерді тасымалдау;
- Коммерциялық –делдалдық қызмет;
- Ауылшаруашылық қызметімен айналысу;
- Бұрғылау –жару жұмыстарын өндіру;
- Прекурсор сақтау;
- Автокөлікпен халықаралық жүк тасымалдау;
- Жарылғыш және пиротехникалық заттарды және оларды қолданумен бұйымдарды сату, иемдену, өндіру және өңдеу;
- Қазандар, ыдыстар, қысым астында жұмыс істейтін құбырларды пайдалану, жөндеу және дайындау;
- Жарылғыдан қорғалған электротехникалық жабдықтарды жөндеу және дайындау;
- Тау және жарылғыш және өтке қауіпті өндірістік өнімдерді пайдалану;
- Бұрғылау, тау –кен жабдықтарын, құрылғыларды және өртке ақсы қорғау және бақылау жүйесін және көтерілгіш құрылыстың дабыл жүйелерін техникалық қызмет көрсету, жөндеу және дайындау;
- Ауырлық тез жылжитын құармды жөндеу;
- Геолого –маркшейдерлік жұмыстарды өндіру;
- Көмір және оның өндірісін, рудалы емес шикізатты, соның ішінде көмір брикетін, жартылай коксті, синтетикалық отынды, тыңайтқыштар, бояғыштарды, ұсақталған так кесектерін қайта өңдеу;
- Қара және түсті металдар қалдықтары мен сынықтарын сату, қайта өңдеу, сақтау, дайындау және жинау;
- Сыртқы экономикалық қызмет;
- Құрылыс –жөндеу қызметі соның ішінде: сыртқы және иниженердік желілер құрылғылары, темір жолды салу, сылақ және бояуыш жұмыстардан басқасы, жауапкершіліктің II және III дәрежелі құрылғыларды және ғимаратты қайта салу және толық жөндеу кезінде жөндеу –құрылыс жұмыстары;
- Құрылыс материалдарын, бұйымдар мен құрылымдарды сату және өндіру, соның ішінде:
  - өнеркәсіптік өндіріс;
  - дайындар шығару(өнеркәсіптік дайындау).
- Жобалық –зерттеушілік қызмет;
- Жол құрылысы бойынша жұмыс, тек республикалық маңызы бар жолдардан басқасы;
- Жүк көтеру механизмдерін жөндеу және пайдалану;

- Құю станцияларын пайдалану және ұстау;
- Қоғамдық тамақтандыру бөлімшелері мен сауданы ұйымдастыру;
- Көмір мен басқа да жүкті кедендік рәсімдеу және декларациялау бойынша дилердік қызмет;
- Құрылыс тас және ұсақталған тас өнімдерін сату;
- Жарылғыш материалдарды сақтау;
- Өндірістік қалдықтарды сату және пайдалану, сақтау;
- Жиынтық тазалау және жергілікті құрылыстарды пайдалану, жөндеу –бұзу, бастапқы –түзету;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Жылу энергиясын тарату, беру және өндіру;
- Электржелілер мен подстанцияларды пайдалану;
- Радиометриялық өлшеулер және радиоактивті заттармен үндеу;
- Мұнай өнімдеріне, көмір мен басқа да өнімдерге химиялық және басқа да талдау түрін жасау;
- Ұсақ тасты кесектерге, көмір және басқа да өнімдердің сапасын бақылау;
- Кәсіпорынның менеджмент жүйесіне аудит жүргізу;
- Дәрігерлік қызмет,
- Қонақ үй – сервистік қызмет көрсету;
- Көтерме – бөлшектік сауданы жүзеге асыру;
- Қарыз операциялыраны жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

3.3. Тізімдемесі заңды актілермен анықталатын міндетті лицензиялауға және/немесе сертификациялауға жататын бөлек қызмет түрлерімен Қоғам тек сәйкес рұқсат, лицензия және/немесе сертификат негізінде ғана айналыса алады.

#### **4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ**

##### **4.1. Акционер құқылы:**

- Жарғымен және әрекет етуші заңмен белгіленген тәртіппен серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
- Дивиденттер алуға;
- Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, және осы Жарғымен немесе акционерлердің жалпы жиналысы анықталған тәртіпте Қоғамның қаржы есебімен айналысуға;
- Қоғамның тіркеушісінен немесе номаналды ұстаушысынан оның құнды қағаздарға деген меншік құқығын растайтын көшірме үзінді алуға;
- Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлануға кандидат ұсыну;
- Қоғам органдарымен қабылданған шешімді сот тәртібінде даулау;
- Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұранымдарымен үндеу және Қоғамға сұранымның келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде себептелген жауап алу;
- Қоғам тараған кезде мүліктің жартысына;
- Қазақстан Республикасы заңымен орнатылған тәртіпте оның акциясына конвертация жасалған Қоғамның акцияларын немесе басқа құнды қағаздарын артықшылықпен сатып алуға.

4.2. Он не одан да көп дауыс беруші акциясы бар Акционер – ірі акционер –және де құқылы:

- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда шақыру туралы талап арызбен сотқа шағымдануға;

- Қазақстан Республикасының заңына сәйкес директорлар Кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуге ұсыну;
- Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- Өз есебіне аудиторлық мекемемен Қоғамның аудитын жүргізілуін талап ету.

4.3. Акционерлер – артықшылық акциялардың иелері қарапайым акция иелерінің алдында алдын –ала анықталған кепілденген мөлшерде, Қоғам жарғысымен анықталған артықшылық құқыққа ие, және акционерлік қоғам туралы әрекет етуші заңмен анықталған тәртіпте Қоғамның таралуы кезінде мүліктің жартысына құқылы.

Артықшылық акциясы акционерге Қоғам басқаруға қатысуға құқық бермейді, тек акционерлік қоғам туралы әрекет етуші заңмен анықталған жағдайдан басқа.

Артықшылық акциясы бар акционер артықшылық акцияны сатып алуға артықшылық құқығы бар.

4.4. Акционерлер осы жарғы мен Қазақстан Республикасының заңды актілерімен қарастырылған басқа да құқықтарға ие.

4.5. Қоғам акционері құқылы:

- Қазақстан Республикасының заңы мен Қоғамның құрылтайшы құжаттарымен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;
- Он күн ішінде Қоғамды тіркеушіні не қоғамға жататын номаналды акция ұстаушысын Қоғамның акция ұстаушыларының тізім жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабарлауға;
- Қоғам не оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық не заңмен қорғалатын басқа да құпияны ашпауға;
- Қазақстан Республикасының заңына сәйкес басқа да міндеттерге ие.

4.6. Қоғам акционері өзіне тиесілі акцияны басқа акционерлерді келісімінсіз заң негізінде тартып алуына болады.

## **5. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛІГІ**

5.1. Бағасы дербес баланста көрсетілетін мүлік, айналым қаражаты, негізгі қорлар Қоғамның мүлкін құрады.

Мүлік Қоғамның жеке меншік құқығы негізінде жатады.

Қоғам мүлкі келесілер есебінде құрылады:

- Қоғамның акцияларын төлеуге акционермен берілген мүлік;
- Қоғам қызметі нәтижесінде алынған кіріс, және де заңмен рұқсат етілген басқа тәсілмен алынған мүлік;
- Шауаршылық қызметі нәтижесінде Қоғаммен өндірілген өнімдер;
- Қазақстан Республикасы заңымен тыйым салынбаған басқа да қайнар көздер.

5.2. Қоғамның жарғы капиталы құрылтайшылармен акциялардың номиналды бағасы бойынша төлем арқылы және акционерлік қоғам туралы заңмен анықталған талаптарға сай анықталатын, орналастыру бағасы бойынша инвесторлармен және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

5.3. Қоғамның акцияларын орналастыру төлеміне ақша, мүлікті құқық және басқа да мүлік енгізілуі мүмкін, тек Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайдан басқасы.

Ақша, мүліктен басқа төленімдер Қазақстан Республикасының заңына сай берілген лицензия негізінде әрекет етуші Қоғамның бағалаушысымен анықталатын бағамен жүргізіледі.

5.4. Қарапайым акция акционерге барлық дауыс беруге ұсынылатын сұрақтарды шешу кезінде дауыс беру құқығын ұсынады, Қоғамның таза пайдасы барысында дивиденд алу құқығын, заңмен орнатылған тәртіпте Қоғамның таралуы кезінде мүліктің жартысына, және де Қоғамның қарапайым акциясына конвертация жасалатын қарапайым акцияны не басқа құнды қағаздарды сатып алу кезінде артықшылық құқығына ие.

5.5. Артықшылық акция жылдық кепілдік дивиденд мөлшерін алуға құқық береді. Жылдық кепілденген дивиденд мөлшері артықшылық акциясы бойынша бір акция бойынша 50 (елу) теңгені құрайды.

Артықшылық акциясы оның меншігіне қарапайым акция иегерлері алдында алдын ала анықталған кепілденген мөлшерде, Қоғам жарғысымен анықталған дивиденд алуға артықшылық құқығын береді, және заңды тәртіпте Қоғам тараған кезде мүліктің жартысына құқылы.

Артықшылық акцияның мөлшері оның жалпы жарияланған акция көлемінен жиырма бес пайыздан аспауы керек.

5.6. Артықшылық атаулы акцияның иесі кезектен тыс түрінде өткізіп жатқанда акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығын береді, бірақ жалпы жиналысқа қатысуға және күн тәртібіндегі сұрақтарды тақылауға қатысуға.

5.6.1. Артықшылық акциясы акционерлерге Қоғаммен басқаруға қатысуға құқық береді, егер:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысында артықшылық акцияға ие акционерлердің құқығы шектелетін сұрақ қарастырылып жатса. Бұл сұрақ бойынша шешім орналасқан (сатып алынған есебінде) артықшылық акцияның жалпы көлемінен үштен бір бөлігі дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады.
- 2) акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамды тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сұрағы қарастырылады;
- 3) артықшылық акция бойынша дивидендтер оны төлеуге орнатылған мерзімі аяқталған соң үш ай ішінде толықтай төленбесе;

5.7. 5.6.1. тармағымен қарастырылған акционерлердің құқығы – артықшылық акцияның иегері Қоғаммен басқаруға қатысуы оған жататын артықшылық акция бойынша дивиденд мөлшері толық төленген күннен бастап тоқтатылады.

5.8. Акционерлердің жалпы жиналысымен жарғы капиталын құруға және дивиденд алуға қатыспайтын бір «алтын акция» енгізілуі мүмкін. «Алтын акция» иегері акционерлердің жалпы жиналысы шешіміне, директорлар Кеңесіне және Қоғамның жарғысымен анықталған сұрақтар бойынша атқарушы орган вето құқығына ие. «Алтын акциямен» расталған вето салу құқығы берілуі тиіс емес.

5.9. Қоғам құжатсыз түрде өз акцияларын шығарады. Қоғамның акция ұстаушысының тізімде сақталуы, енгізілуі және құрылуы уәкілді органмен берілген, құнды қағаздармен шарттарды тіркеу бойынша қызметті жүзеге асыру құқығын беретін сәйкес лицензиясы бар Қоғам тіркеушісімен жүзеге асырылады.

## **6. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ**

6.1. Қоғам органдары:

6.1.1. Жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;

6.1.2. Басқару органы – Директорлар Кеңесі;

6.1.3. Атқарушы орган – жалғыз – Президент;

6.2. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғарғы органы болып табылады, және оның ерекше құзырына келесілер кіреді:

- 1) Қоғам Жарғысын өзгерту және толықтыру немесе жарғысының жаңа мәтінін бекіту;
- 2) Корпоративті бастқарудың кодексін бекіту, және оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Заңға сәйкес Қоғамды тарату немесе өз еркімен қайта ұйымдастыру, сондай –ақ Қоғам айналысатын бизнестің жалпы сипаттамасына елеулі өзгеріс енгізу туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жария етілген акцияның көлемін ұлғайту туралы шешім қабылдау не жария етілген орналастырылмаған акция түрін өзгерту, және акцияларды не басқада құнды қағаздарды шағару не тарату, құру, не кез –келген опционды ұсыну

- (не ұсыну туралы келісім ) не құру туралы не жазылу құқығы не кез –келген акция не құнды қағазды аудару;
- 5) Қоғамның кез –келген акциясын ен құнды қағазын қайта деноминациялау не жабу, төлеп алу, сатып алу, жою, қысқарту туралы шешім қабылдау;
  - 6) Акция және басқа да құнды қағаздардың артынан бекітілген құқығына өзгеріс негізу;
  - 7) Қоғамның құнды қағаздарын конвертациялаудың және оларды өзгертудің шарты мен тәртібін анықтау;
  - 8) Қоғам директорларының Кеңесінің уәкілетінің мерзімі мен сандық құрамын, оның мүшелерін тағайындау және олардың уәкілдігінің шұғыл тоқтатуын анықтау, және директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны төлеу шарты мен мөлшерін анықтау;
  - 9) Есептік комиссияның уәкілдігінің мерзімі мен сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілдігін шұғыл тоқтату;
  - 10) Қоғам аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
  - 11) Қоғамның жылдық қаржы есебін бекіту;
  - 12) Есептік қаржы жылына Қоғамның таза пайдасын тарату тәртібін бекіту, қарапайым акция бойынша дивиденттерді туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясына есебіне дивидент мөлшерін бекіту;
  - 13) ҚР заңымен қарастырылған жағдай кезінде Қоғамның қарапайым және артықшылық акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау;
  - 14) Қоғам акцияларын ерікті делистинг туралы шешім қабылдау;
  - 15) Қоғамға жататын жалпы активтерден жиырма бес не оданда көп пайызды құрайтын сомадағы активтердің бірнеше бөлігін не жартысын беру арқылы басқа заңды тұлғалардың қызметін не құруына Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 16) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғам акционерлерін хабарлау түрін анықтау және ондай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
  - 17) Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамы туралы заңына сәйкес Қоғаммен төлем беру кезінде акциясын анықтау әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер ол құрылтай жиналысымен бекітілмесе) өзгерістерді бекіту;
  - 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
  - 19) Қоғам қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін анықтау, және бұқаралық ақпарат құралын анықау;
  - 20) «Алтын акцияны» жою және енгізу;
  - 21) Қоғаммен беру, жалға беру, лицензия беру не барлығымен не кәсіпорынның бөлігімен не Қоғам активімен басқару не Қоғаммен қандайда активтерге 25 миллион АҚШ долларынан асатын ақшалай эквивалентіндегі баға жиынтығымен байланысты не байланыссыз бірінғай шарт не бірқатар шарт арқылы ие болу туралы Қоғам шешім қабылдау;
  - 22) Қоғаммен, 25 миллион АҚШ доллар жалпы ақшалай сомаға кәсіпорын не қай жере орналаспасын не кез –келген бизнес не басқа заңды тұлғада жарналық қатысу не қандайда акционерлік капиталға қатысу туралы шешім қабылдау;
  - 23) Шешім қабылдау, Қоғамның еншілес компанияларын мәжбүрлеп тарату не әкімшілік басқару, босату, тоқтату, тарату мақсатында шаралар жүргізу кез –келген бұйрықты қабылдауға талап ету;
  - 24) Қоғаммен 10 миллион АҚШ доллардан (қарапайым қызмет тәртібінде жасалған шарттардан басқасы) астам кез –келген қарыз не қаржы құралын беру не алу туралы шешім қабылдау;
  - 25) Қоғамның капиталды шығынын бекіту не инвестициялық өзгешелік (басқалардың арасында жалға алу және/немесе механизмдер мен жабдықтарды бөліп төлеуге сатып алу, немесе кез –келген шартты сатып алу не мерзімін ұзарту туралы сенім

- хат) не 10 миллион АҚШ доллардан жоғары ақшалай сомаға Қоғаммен қарыз міндеттерін өзін алу, тек қарапайым қызмет барысында жасалған шарттан басқасы;
- 26) Қоғамның жиырма жылдан астам аффилиирленген тұлғасы, не акционері не директоры болған не болып табылатын кез –келген тұлғасымен шарт не сенім хат, шарт қатынасындағы келісім не құқығынан бас тартуды ұсыну не шартын өзгерту не жасасу;
  - 27) «Шұбаркөл көмір» АҚ және «Казхром» ТҰК АҚ арасындағы 16 ақпан 2009 жылы көмірді сатып алуға жасалған Жақтаулы келісім әрекетін жою не түзетулер, өзгерту, қайта рәсімдеу енгізу, өзгеріс енгізу бойынша шешім қабылдау;
  - 28) 10 миллион АҚШ доллардан жоғары жалпы сомадан кез –келген Қоғам кез –келген ауырлығын реттеу не инициациялау бойынша шешім қабылдау;
  - 29) Акционерлердің жалпы жиналысы ерекше құзырына және ҚР әрекет етуші заңына жатқызылған шешім қабылдау, басқа да сұрақтар;
  - 30) Қоғам органдарының қайсысының құзырына жатқызылғандығына тәуелсіз акционерлердің жалпы жиналысы өз қарастыруына қабылдаған барлық сұрақтар.

Осы тармақтың 1-7 және 21-29 аталған сұрақтар бойынша шешім Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан көпшілік біліктенгендермен қабылданады. Жалпы жиналыстың ерекше құзырына жатқызылған қалған сұрақтар бойынша шешім қоғамның дауыс беруші жалпы акция санына қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

6.3. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған сұрақтар басқа органдардың, құзырлы адамдардың және Қоғамның жұмыскерлердің шешіміне беріле алмайды, егер әрекет етуші заңмен қарастырылмаса.

6.4. Қоғамның кез –келген сұрағы не Қоғам не кез –келген еншілес компанияның арысындағы сенім хат не келісім қатынасындағы Қоғамның еншілес компаниясы және акционерлердің жалпы жиналысы құзырына жатқызылған Қоғам акционері («Шұбаркөл көмір» АҚ және «Казхром» ТҰК АҚ ТНҚ арасындағы 16 ақпан 2009 жылы көмірді сатып алуға жасалған Жақтаулы келісімнен басқасы) ондай шешімді қабылдауда мүдделі емес Қоғам акционерлерінің дауыс беруімен қабылдануы керек. Егер ондай сұрақтар директорлар Кеңесі уәкілеті шамасында болса, онда ондай акционермен байланыссыз директорлар Кеңесі мүшелерімен.

6.5. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам қызметінің кез –келген сұрағын өз қарастыруына алуға құқылы. Сәйкес сұрақтар бойынша шешім қабылданғаннан кейін олар Қоғам жұмыскерлері мен барлық ішкі органдар үшін міндетті болып табылады.

6.6. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша Қоғамның басқа органдарының кез –келген шешімін бұзуға құқылы.

6.7. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы қаржы жылы аяқталысымен бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Есептік мерзімі кезінде Қоғам аудитін аяқтауға мүмкін еместігі жағдайында үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

6.8. Жылдықтан басқа барлық жиналыстар кезектен тыс болып саналады. Кезектен тыс жиналыстар директорлар Кеңесі бастауымен, Қоғамның ірі акционерінің бастауымен және Қоғамның ірі акционерінің талап –арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылады, егер Қоғам органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабын орындамаған болса.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы директорлар Кеңесіне жиналыстың күн тәртібі бар атқарушы органның орналасқан жері бойынша сәйкес жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар Кеңесі талапты алған күннен бастап бес күн ішінде шешім қабылдауға және талап етушіге Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не бас тарту туралы хабарлама жіберу керек. Директорлар Кеңесі күн тәртібіне сұрақтарды тұжырымдамасына өзгерістер енгізуге құқылы емес, және ірі акционердің талабы бойынша шақырылып отырған Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының өткізу тәртібін өзгертуге де құқылы емес.

6.9. Егер Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талап ірі акционерден (акционерлерден) шығып отырса, ол ол талапта сол акционердің (акционерлердің) аттары (атаулары), және саны, оған жататын акциялар түрін көрсету керек.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабына Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуді талар етіп отырғанның (талап етушілердің) қолы қайылады.

6.10. Директорлар Кеңесі аталған талапты алған соң он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауы тиіс және ондай шешім қабылданғаннан бастап үш күн кешіктірмей талап етушіге акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы не бас тарту туралы хабарлама жіберу керек.

6.11. Директорлар Кеңесінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы шешімі ірі акционердің талабы бойынша қабылдауы мүмкін, егер:

- 1) Осы мақаламен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талап теу тәртібі сақталмаса;
- 2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу үшін күн тәртібіне ұсынылған сұрақтар Қазақстан Республикасының заң талабына сай келмесе;

Директорлар Кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуден бас тарту туралы шешімі сотта даулауға болады.

6.12. Егер заңмен орнатылған мерзімде директорлар Кеңесі ұсынылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданбаса, оны шақыруға талап етіп отырған адам сот тәртібінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеуге құқылы.

6.13. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу және дайындықты Қоғам Президентімен немесе директорлар Кеңесімен жүргізеді.

6.14. Акционерлерге Жалпы жиналыс өткізу туралы оны өткізуге күнін дейін 30 күн кешіктірмей хабарланады, ал егер сырттай не аралас дауыс беру кезінде – 45 (қырық бес) күн кешіктірмей, жарғының 10.2. тармағына сай Қазақстан Республикасының заңына сай орнатылған тәртіппен анықталған бұқаралық ақпарат құралында хабарламаны баспаға шығару арқылы.

6.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Қоғамның директорлар Кеңесімен қалыптастырылады.

Егер қайта жиналыс (орындалмағанның орнына) өткізілсе күн тәртібі өзгертілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен толықтырылуы мүмкін не Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін он бес күн кешіктірмей ондай толықтырулар туралы хабардар болғандығы шартында директорлар Кеңесімен.

Акционерлердің жалпы жиналысын ашу кезінде директорлар Кеңесі күн тәртібін өзгерту туралы олармен ұсынылған ұсыныстарын алғандығы туралы айту керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған Қоғамның дауыс берушінің жалпы санынан көпшілік дауысымен жүргізіледі.

Күн тәртібіне өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін, егер оларды енгізуге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы және кем дегенде тоқсан бес пайыздан астам дауыс беру акциясын иемденуші акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берген болса.

Күн тәртібі артықшылық акцияға ие акционерлердің құқығын шектей алатын шешім бойынша сұрақпен толықтырылуы мүмкін, егер оның енгізілуіне орналастырылған артықшылық акцияның (сатып алынған есебінде) жалпы санынан үштен екі бөлігі дауыс берген болса.

Акционерлердің жалпы жиналысымен шешім қабылданған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілуі және /немесе/ толықтырылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген, және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

Күн тәртібінде «әр түрлі», «басқа» және сұған ұқсас кең ауқымды тұжырымдар қолдануға тыйым салынады.

6.16. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібі бойынша сұрақтарды қабылдауға және қарастыруға құқылы, егер жиналыс қатысушыларын тіркеуі аяқталған уақытта акционер тізіміне енгізілген, онда қатысуға құқығы бар және дауыс беруге құлы болса, және Қоғамның дауыс беруші акцияларының елуден астам пайызын иемденуші акционерлер не олардың өкілдері тіркелсе.

Барлық акционерлердің жалпы жиналысында акциясын Қоғам иемденетін басқа да заңды тұлғалардың және Қоғамның еншілес компанияларының өкілдері қатысуы керек.

Кворум болмағанда Қоғам Президенті немесе директорлар Кеңесі егер жиналыс қатысушыларын тіркеуі аяқталған уақытта акционер тізіміне енгізілген, онда қатысуға құқығы бар және дауыс беруге құлы болса және барлығы дауыс беруші акцияның кем дегенде қырық пайызын иемденсе, шешімі тең құқылы болатын Акционерлердің жалпы жиналысын (орындалмағанның орнына) қайта өткізуге міндетті.

Қайт өткізілген жалпы жиналыс шешімі кворумның болмауынан өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысы шақыру тәртібі сақталаған жағдайда жарамды болады.

6.17. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеуі жүргізіледі.

Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге және оның уәкілін растайтын және Қазақстан Республикасының заң талабына сай рәсімделген сенім хатын көрсету керек.

Егер Қазақстан Республикасының заңды актілеріне сәйкес Қоғамның орналасқан акциялардың жалпы санына оннан не одан да көп мөлшердегі акциямен басқарушы, пайдаланушы, иемденуші, акционер мәртебесі не ірі қатысушының мәртебесін алуға келісім қарастырылған болса, онда Қоғам акциясынан он не оданда көп акциясы бар, , ірі акционер және /немесе/ акционерлердің өкілі сенім хатта көрсетілгендей акционер (акционерлер) шешіміне сәйкес Жалпы жиналыстың әрбір сұрағы бойынша акционердің (акционерлердің) жазбаша нұсқаулығы барысында Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы.

Акция пакеті кем дегенде Қоғам акцияларынан тоғыз пайзын құрайтын, және (немесе) Қоғам акцияларынан кем дегенде он пайызы бар Акционер өкілі Жалпы жиналыс бойынша әрбір сұрақ бойынша сенім хатта жазбаша нұсқаулықсыз акционердің (акционерлердің) мүддесін қорғауға құқылы.

6.18. Қоғам акционері Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысын Қазақстан Республикасы заңды тәртібімен Акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен бастап 10 күн ішінде анықталатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы хабардар болады.

6.19. Егер Қоғамда жалғыз ғана акционер болса, Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жататын барлық сұрақтар бойынша шешімдер, және өз карауы бойынша жалғыз акционермен қабылданған сұрақтар бойынша Қоғам қызметкерлері мен органдармен орындауға міндетті болып табылатын «Жалғыз акционердің шешімімен» рәсімделеді.

6.20. Қоғамның директорлар Кеңесі жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған сұрақтарды шешуден басқа, Қоғам қызметімен бақарады. Директорлар Кеңесінің мүшелерін акционер арасынан не заңға сай акционер болып табылмайтын адамдар арасынан Акционерлердің жалпы жиналысымен кем дегенде 5 (бес) адам сайлайды, оның ішінде екеуі Қазақстан Республикасының заңына сай директор болу керек. Директорлар Кеңесінің бір мүшесі «Казхром» ТҰК АҚ -ның ірі акционерімен ұсынылған кандидат арасынан сайланады. Директорлар Кеңесінің мүшесі кумулятивті дауыс беру арқылы сайланады.

6.21. Директорлар Кеңесінің төрағасы ашық дауыс беру арқылы директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар Кеңесі кез –келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы. Директорлар Кеңесі директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, және жарғымен және әрекет етуші заңмен анықталған басқа қызметтер жасайды. Директорлар Кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесі мүшелері арасынан бір мүше орындайды.

**6.22. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыры:**

- 1) Қоғамн қызметінің артықшылық бағытын анықтау;
- 2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын және жылдық жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Орналастыру туралы және жария етілген акцияның саны шегінде орналасқан (іске асырылатын) акция саны туралы, оларды орналастырудың (іске асыру) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғаммен орналасқан акциясы және басқа да құнды қағаздарды сатып алу туралы, және ҚР заңымен қарастырылған жағдайда оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы жылын алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның туынды құнды қағаздары мен облигацияларын шығару шартын анықтау;
- 7) Қоғамның Президентін сайлау, Қоғам Президентінің уәкілетінің мерзімін анықтау, және оның уәкілетін шұғыл тоқтату;
- 8) Қоғам Президентінің сыйлық беру және еңбек ақысының шарты мен лауазымдық еңбекақы мөлшерін анықтау;
- 9) Ішкі аудит қызметінің уәкілетінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісі мен мүшесін тағайындау, және олардың уәкілетін шұғал тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, еңбекақы шартын мен мөлшерін және ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерінің сыйлық ақысын анықтау;
- 10) Корпоративті хатшының уәкілетінің мерзімін анықтау, тағайындау, оның уәкілетін шұғал тоқтату және корпоративті хатшының сыйлық ақы шартын және лауазымды еңбекақы мөлшерін анықтау;
- 11) Ірі шарттың пәні больш табылатын не Қоғам акцияларын төлеуге берілген мүлік бағасының нарықтық бағасы бойынша бағалаушының және аудиторлық ұйымның қызметінің ақысының мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарын бекіту (тек Қоғамды ұйымдастыру мақсатныда Қоғам Президентімен бекілетін және қабылданатын құжаттардан басқасы, және Қоғамның құнды қағаздарын жазылуы мен акцион өткізу тәртібі мен шартын орнататын ішкі құжаттардан басқа);
- 13) Қоғам өкілдігі мен филиалдарын жабу және құру туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Акционердің ерекше құзырына жатқызылған кез –келген сұраққа қатысты кез – келген еншілес компаниялардың акционер/қатысушы құқығын қалай пайдалану керек екендігі туралы шешім қабылдау;
- 15) Басқа заңды тұлғалардың тоғыз және оданда артық пайызын иемдену туралы шешім қабылдау;
- 16) Жеке капиталының мөлшерінен он және одан артық мөлшерін құрайтын мөлшерге Қоғам міндеттерін ұлғайту;
- 17) Бұрынғы тіркеушімен келісім бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау,
- 18) Заңмен қорғалатын коммерциялық, қызметтік және басқа да құпиялары бар Қоғам және оның қызметі туралы ақпараттық анықтау;
- 19) Қоғам мүдделі шарттар мен ірі шарттар жасау туралы шешім қабылдау;

20) Он және одан артық пайыз акция Қоғамға жататын Заңды тұлғаның акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзырына жататын қызметінің сұрақтары бойынша шешім қабылдау;

21) Акционерлердің жалпы жиналысы құзырына жатпайтын заңмен қарастырылған басқада сұрақтар.

Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған сұрақтар Қоғам Президенті олар бойынша шешім қабылдауға және қарастыруына беріле алмайды.

Осының 14 тармағында көрсетілген сұрақтар бойынша шешім егер оған «Казхром» ТҰК АҚ ірі акционерімен ұсынылған директорлар Кеңесінің мүшелері дауыс берсе.

6.23. Директорлар Кеңесінің уәкілетінің мерзімі мен сандық құрамы акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады және Акционерлердің жалпы жиналысында жаңа директорлар Кеңесі сайлану кезінде аяқталады. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің бөлек не барлық мүшелерінің уәкілетін шұғыл тоқтатуға құқылы. Директорлар Кеңесі бастауы бойынша уәкілетін шұғыл тоқтату директорлар Кеңесінің жазбаша хабарлама арқылы жүргізіледі. Ондай директорлар Кеңесі мүшесінің уәкілеті көрсетілген забарламаны директорлар Кеңесі алған уақытта тоқтатылады. Егер директорлар Кеңесінің мүшесінің уәкілеті шұғыл тоқтатылса, жаңа директорлар Кеңесінің мүшесі акционерлер жиналысына ұсынылған дауыс беруші акцияның жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен сайланады, және бұл кезде осы директорлар Кеңесінің мүшелерінің уәкілеті директорлар Кеңесінің уәкілеті аяқталысымен аяқталады.

6.24. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының, Қоғам Президентінің, не кез – келген директорлар Кеңесінің мүшесінің талабы бойынша, ірі акционердің не Қоғам аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның бастауы бойынша құрылуы мүмкін.

Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар Кеңесінің төрағасына директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібі бар сәйкес жазбаша хабарлама жіберу арқылы жолданады.

Егер директорлар Кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартса бастаушы директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғам Президентіне көрсетілген талапты директорлар Кеңесінің төрағасына жолдауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің отырысы директорлар Кеңесі Төрағасымен шақырылуы тиіс немесе Қоғам Президентімен шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 күн кешіктірмей шақырылуы тиіс. Директорлар Кеңесі отырысын шақыру туралы жазбаша хабарлама директорлар Кеңесі мүшелеріне жіберілуі керек, және отырыс өткізгенге дейін үш күн ішінде «алтын акция» ұстаушысына жіберілуі тиіс.

Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы хабарлама күн тәртібін, күн тәртібінің материалдарын, отырысы өтетін орын мен уақыты, күні туралы мәліметтер болу керек.

Директорлар Кеңесінің мүшесі Қоғам Президентін алдын – ала оның Директорлар Кеңесінде қатысуының мүмкін еместігін туралы Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің отырысына бір күн қалғанда жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлауы керек.

Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібін Директорлар Кеңесі анықтайды, ал «алтын акция» иегеріне – Қоғам Жарғысы.

6.25. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін Директорлар Кеңесінің мүшелер санына кем дегенде жартысы қатысуы керек.

Егер Директорлар Кеңесінің мүшер саны Жарғымен анықталған кворумға жетпесе Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға міндетті.

Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар Кеңесінің шешімі қарапайым Директорлар Кеңесіне қатысушы көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болғанда Директорлар Кеңесінің Төрағасының дауыс не Директорлар Кеңесінде төрағалық етушінің дауыс шешуді дауыс болып табылады.

Директорлар Кеңесі оның отырысына қарастыруға енгізілген сұрақтар бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің отырысының сырттай шешімі жазбаша рәсімделуі қажет және Директорлар Кеңесінің Төрағасымен және хатшысының қолы қойылуы керек.

Сырттай тәртіпте өткізілген Директорлар Кеңесінің отырысында қабылданған шешім отырыс өткеннен кейін үш күн ішінде Директорлар Кеңесінің хатшысымен жіне отырысыға төрағалық еткен адамның қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

Директорлар Кеңесінің отырысының хаттамасы және сырттай дауы беру арқылы қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімі Қоғам мұрағатында сақталады.

